

12-апта
Дәріс №23-24

Этнографиялық зерттеу әдісі

1. Этнографиялық зерттеудің шығу және даму тарихы
2. Этнографиялық зерттеу әдісінің сипаттамасы мен белгілері
3. Этнографиялық зерттеу әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері

Сұрақ: Этнография дегенде ойларыңызға не келеді? Этнография дегенді әдіс деп естіп көрдік пе?

1. Э-лық зерттеудің шығу және даму тарихы. Көбіне зерттеулерде этнографияның шығу тарихын антропология пәнімен байланыстырады. Дегенмен оның шығу тегі тарих пәнімен байланысты. Тарихтың атасы ретінде танылған («тарих атасы» деп танылған, әйгілі "Тарих" кітабының авторы) Геродот Эллин аумағынан тыс жерлердегі әртүрлі халықтардың мәдени тәжірибесін зерттеген (естіген болсаңыздар скифтер мен эллин халықтарының өмір-тіршілігін, салт-дәстүрін зерттеген), осыдан Геродот «этнографияның» алғашқы туындыларын жасады деп есептеледі. Кейінгі ғасырларда Ресей ғылым академиясының негізін қалаушы Федор Иванович Миллер деген атпен белгілі неміс тарихшысы Герхард Фридрих Миллер 1733-1743 жылдары Ұлы Солтүстік экспедициясының екінші кезеңіне немесе екінші Камчатка экспедициясына қатысып, Сібірдің шығыс жағын картаға түсіруді мақсат етті. Ол экспедициядағы әріптес ғалымдар мен суретшілермен бірге Шығыс Сібірден «ашқан» этникалық топтардың халқы мен мәдениеті туралы деректер жинады. Миллер экспедицияда кездескен қауымдастықтардың киімдерін, діндері мен әдет-ғұрыптарын сипаттауға және категориялауға ерекше қызығушылық танытты. Бұл ірі этнографиялық еңбек ретінде қарастырылды. Миллер Сібірден оралған соң Ресей империясының тарихшысы болды және деректі (документалды) дереккөздерді жан-жақты зерттеу негізінде орыс тарихының жалпы шолуын жазуға ұмтылды. Оның тәсілдемесі зерттеулерде тарихқа этнографиялық көзқарас ретінде сипатталады. «Этнография» терминін академиялық дискурста енгізгендер Геттингендік неміс тарихшысы, орыс тарихын зерттеуші, және Академиядағы Миллердің көмекшісі Август Людвиг фон Шлёцер мен тағы бір Геттингендік тарихшы Христофор Вильгельм Якоб Гаттерер болған. (Vermeulen, 2008).

Қазақ тарихынан Шоқан Уәлихановтың Қашқар, Құлжа, Ыстықкөл саяхаттарын этнографиялық зерттеудің үлгілері десек болатындай (слайд).

Бұл тарихшылар тарихи фактілерді зерттеу үшін бақылауды, далалық жазбаларды (field notes) және құжаттық талдауды пайдаланғанымен, этнографияны әрі деректер жинаудың, әрі қазіргі қауымдастықтардағы мәдени тәжірибелерді талдау мен түсіндірудің **әдісі** ретінде дамытқан мәдени және әлеуметтік антропологтар болды. 20 ғасырдың антропологтары *мәдени релятивизм* идеясын дамытты, бұл идеяның мәнісі - адамның нанымдары, құндылықтары және тәжірибелері өзгелердің критерийлеріне емес, сол адамның мәдениетіне негізделіп түсіндірілуі керек, «бұл идея этнографияның маңызды философиясына және әмбебаптық туралы батыстық тұжырымдарды жоққа шығарудың, сондай-ақ батыстық емес мәдениеттерді құтқарудың басты құралына айналды» деп баға береді Ли Вэй (*Li Wei Ethnography Origins, features, accountability, and criticality*). Әлеуметтік антропологтардың басында Бронислав Малиновский (1922) және Маргарет Мид (1943) тұрды және олар пайдаланған зерттеу стратегиясы бүгінгі күні «этнография» деп аталатын зерттеулердің көптеген мәселелерінің негізін құрады.

20 ғасырдан бастап этнография әлеуметтік ғылымдардың көптеген салаларында қолданыла бастады. 1970 жылдардан бастап әлеуметтік және технологиялық өзгерістерге байланысты этнографиялық зерттеу әдістерін коммуникация, медиа және мәдениеттану саласындағы ғалымдар кеңінен қолдана бастады, олар құндылықтардың, мінез-құлықтардың, сенімдердің ортақ және қалыптасқан үлгілерін сипаттауға және

интерпретациялауға және бір мәдениетті бөлісетін арнайы топтардың тіліне қызығушылық білдірді. Мұндай топтар әртүрлі: ортақ географияға (мысалы, онлайн, көрші), сәйкестікке/identity (мысалы, гендер, сексуалдылық, нәсіл, жас), сенімге, қызығушылықтарға (мысалы, музыка, цифрлық ойын, спорттық және ойын-сауық қызметі) немесе тілге негізделуі мүмкін. Жеке адамдардың, сондай-ақ әлеуметтік топтардың әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін түсінудің жолы ретінде Э басқа да ғылым салаларында - бизнес және менеджмент зерттеулерінде, экономикада, денсаулық сақтау, саясаттануда т.б. - қолданылып келеді.

Этнография лингвистикалық зерттеулерде, оның ішінде қолданбалы лингвистикада зерттеудің әдісі ретінде жиі қолданылады. Қолданбалы лингвистер этнографияны тіл үйренуді және тілді сыныпта және одан тыс жерлерде қолдануды түсінудің пайдалы құралы деп санайды. Кейінгі жылдары көптілді және көпұлтты сыныптарда тілді үйренуде этнографиялық зерттеу әдісін пайдалану туралы зерттеулер көбейді. «Лингвистикалық тәжірибелер мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды, әлеуметтік құрылымдар мен қарым-қатынастарды, жеке тұлғалардың келіссөздер мағынасының когнитивтік процестерін, сондай-ақ олардың эмоцияларын, көзқарастарын және субъективтілігін түсіну үшін көп маңызды деректер береді» (Ли Вэй).

2. Этнография (Э) зерттеулердің сапалық түріне жатады. «Э» мен «сапалық зерттеу» көпке дейін синоним ретінде жұмсалған. М.Хаммерсли мен П.Аткинсон (1995 Hammersley, M. and Atkinson, P. (2007) *Ethnography: Principles in Practice*, 3rd edn. London: Tavistock <https://100kitap.kz/kz/book/83>) Э-ға арнаған «Этнография: зерттеу принциптері» (2019 қазақшаланған) елеулі еңбегінде: «Бұл кітаптың мақсаттары үшін біз Э терминін оның мысалдары не болып табылатындығы немесе не болып табылмайтындығы туралы көп ойланбай-ақ, либералды жолмен түсіндіреміз» - деп, Э мен сапалық зерттеулердің басқа түрлерінің арасына шекара қоймаған. Дегенмен Э-ны сапалық зерттеулермен теңестіру түсінікті қиындата түседі дейтін зерттеушілер де бар, себебі сапалық зерттеулердің белгілі бір түрлерінің мысалы кейс зерттеудің белгілері Э-дан мүлдем бөлек (Li Wei. *Ethnography Origins, features, accountability, and criticality* 2020).

«Этнография» (этнос – халық, графос – жазу) термині сөзбе-сөз түсінгенде халықтардың немесе мәдениеттердің сипаттамасы деген сөз. Ол жоғарыда атап өткенімдей зерттеудің стратегиясы ретінде әлеуметтік антропологтардың еңбектерінен бастау алады, антропологтардың мақсаты шағын, оқшауланған тайпалардың мәдениеті мен өмірі туралы егжей-тегжейлі және тұрақты жазба қалдыру болды. Мұндай тайпалар кейбір белгілерімен «жойылып кету қаупі төнген түрлер» ретінде қарастырылды және әлеуметтік антропологтар бұл мәдениеттерді жойылып кетуден бұрын картаға түсіру қажеттілігін көрді.

Этнографиялық зерттеу әдісінің сипаттамасы мен негізгі белгілері. Жалпы алғанда, этнографиямен айналысу келесі процестерді қамтиды: i) әлеуметтік топтың немесе әлеуметтік құбылыстың белгілі бір мәдени тәжірибесіне нақты қызығушылықтың болуы; ii) ұзақ уақыт контекстінде тәжірибені немесе құбылысты бақылау үшін күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттестікке ену; iii) қауымдастық мүшелерінің өз тәжірибесін немесе әлеуметтік құбылысты қалай түсінетіні туралы дәлелдерді жинау; және iv) өз бақылауының (observation) есебін ұсыну (Ли Вэй). Бірінші аталған зерттеу қызығушылығының болуы біреулерде өзінің жеке тәжірибесінен туындауы мүмкін, басқа адамдардың жұмыстарын оқып барып қызығып келуі де мүмкін, және/немесе біреулердің саяси және идеологиялық қызығушылығы болуы мүмкін (критикалық Э-да). Бақылау процесіне ену (ii) әдетте этнограф қауымдастықта белгілі бір әлеуметтік рөл атқарады және қауымдастықтың қызметіне қатысады деп күтіледі (слайдтағы суреттер). Бұл ешқашан бақылау мен таспаға жазып алудың пассивті процесі емес; кейде этнограф қауымдастық мүшелерінің көзқарастарын түсіну үшін сұрақтар қояды. Ең соңында этнографпен егжей-тегжейлі және

жүйелі есеп – этнография - құрастырылады және ол белгілі бір тәжірибенің немесе қоғамдағы құбылыстың мәнін хабарлау үшін өзгелерге ұсынылады (Ли Вэй).

Мартин Денскомб этнографияны зерттеу әдістерінің бірі ретінде зерттеген тарауында Э-ға тән бірнеше белгілерді атайды.

- «Ол зерттеушіден өмірі мен мәдениеті зерттеліп жатқан адамдар арасында (далада/ортада) көп уақыт өткізуін талап етеді. Этнографқа бөлек позициядан бақылағанша өмірмен бөлісу керек (слайдтан суреттерді көрсету). Ұзақ уақыт далалық жұмыстар *жаңалық ашудың сапарына* мүмкіндік ашады, белгілі бір уақыт кезеңінде көзбен көріп куәгер болғандарды түсіндіруге көмектеседі. Extended fieldwork allows for a *journey of discovery* in which the explanations for what is being witnessed emerge over a period of time.
- Күнделікті өмірдің үнемі қайталанатын (рутин) және қалыпты аспектілері зерттеу деректері ретінде қарастыруға тұрарлық деп саналады. Өмірдегі ерекше оқиғалар мен церемониялар біздің назарымызды қалай оңай аудартса, күнделікті өмірдің қалыпты бөліктері де солар сияқты жарамды болады. (Routine and normal aspects of everyday life are regarded as worthy of consideration as research data. The mundane and the ordinary parts of social life are just as valid as the special events and ceremonies which can all too easily capture our attention.)
- Мұнда зерттелетін адамдар өз әлемдерін қалай көреді, соған ерекше назар аударылады. Этнограф негізінен *зерттелетін топтың/мәдениеттің мүшелері нәрселерді қалай түсінеді, олардың оқиғаларға беретін мағыналары қандай, олар шындықты қалай қабылдайды, міне осыларды білуге мүдделі болады. «Зерттелетін адамның көзқарасын, оның өмірге қатынасын түсіну, оның әлеміне деген көзқарасын жүзеге асыру»* (Малиновский 1922: 25). ('To grasp the native's point of view, his relation to life, to realize his vision of his world' (Malinowski 1922: 25).
- Мәдениеттің әртүрлі белгілері арасындағы өзара байланыстарды қарастыру және мәдениеттің қырларын оның өзінің контексінен оқшауламау қажеттілігіне баса назар аударылады. Этнография негізінен құрамдас бөліктер арасындағы процестерді, қатынастарды, байланыстарды және өзара тәуелділікті баса көрсететін тұтас тәсілдемеге *holistic approach* баса көңіл бөледі. (Martyn Denscombe. Research Guide For small-scale social research projects. Fourth Edition. Open University Press, 2010 79-80).

Міне осы соңғы белгіні Э-лық зерттеу әдісінің басты сипаты десек болады. Э-ның басты белгісі – тұтас сипаты. Ол жайында 1922 жылы Малиновский: «Этнографиялық жұмыстың бірінші шарттарының бірі, әрине, ол қауымдастықтың барлық әлеуметтік, мәдени және психологиялық аспектілерінің жиынтығымен айналысуы керек, өйткені олардың бір-бірімен тоғысқандығы соншалық, барлығын есепке алмастан бір де бірін түсіну мүмкін емес» - деген. Осы белгісін «басты белгі» деп көрсетеді Денскомб т.б. зерттеушілер.

Key point: the holistic perspective of ethnography

'One of the first conditions of acceptable Ethnographic work certainly is that it should deal with the totality of all social, cultural and psychological aspects of the community, for they are so interwoven that not one can be understood without taking into consideration all the others.' (Malinowski 1922: xvi)

Malinowski, B. (1922) *Argonauts of the Western Pacific*. London: Routledge and Kegan Paul.

Этнография деректер жинаудың жалғыз әдісі емес. Шын мәнісінде этнография әдетте әртүрлі құралдар арқылы жиналған деректердің көптеген түрлерін қамтиды, мысалы, қатысушының бақылауы (participant observation), далалық жазбалар (field notes), өзара әрекеттестіктің аудио және бейне жазбасы, сұхбаттар, құжаттар, карталар мен сызбалар, артефактілердің суреттері, белгілер мен символдар және т.б. Этнография жазбаша немесе аудио-визуалды түрде ұсынылуы мүмкін және сандық және пайдаланылған деректерді (secondhand data) қамтуы мүмкін. Этнографиялық әдістер мен эксперименттік әдістердің

негізгі айырмашылығы, мысалы, этнографиялық деректер - бұл этнографқа, сондай-ақ табиғи жағдайда бақыланатын қауымдастық мүшелеріне қалыпты және әдеттегідей қол жетімді нәрсе. Олар зерттеушімен арнайы әзірленбеген және зерттеуші үшін көрсетілмеген. Аналитикалық тәсілдеме ретінде этнография алынған нәтижелерді жалпыламайды; оның орнына, ол өте аз кейстерге, көбінесе бір ғана жағдайға назар аударады және оларды/оны контекстке қатысты тереңірек қарастырады. Сондықтан ол гипотезаларды тестілеуден гөрі әлеуметтік құбылыстарды зерттеуге және олардың мағыналарын түсіндіруге мән береді. Этнограф қауымдастық пен өздері зерттеуге ниетті құбылыс (phenomenon) туралы белгілі бір болжамдар жасайды. Бұл болжамдар далалық жұмыс үшін бағдарлы фреймуокті қамтамасыз етеді және көбінесе қауымдастық мүшелерінің жеке интерпретациялары арқылы дәлелденуі қажет тәжірибе немесе құбылыстың мәнін қалай түсіндіруге болатыны туралы болады. Этнографтар концептілерді зерттей алады және жиі зерттейді, бірақ, әдетте, концептілердің мәдени тамырларына және концептілерді мәдени контексттерде әлеуметтік топтар қалай түсіндіретініне және түсінетініне көбірек қызығушылық танытады. Мысалы, жас, гендер және әлеуметтік тап (social class) сияқты категорияларды әр қауымдастық әр түрлі түсінеді, ал бостандық, құрмет және теңдік сияқты концептілер әртүрлі мәдениеттерде мүлдем басқаша түсінілуі мүмкін.

3. Э-ның артықшылықтары. (Martyn Denscombe. Research Guide For small-scale social research projects. Fourth Edition. Open University Press, 2010 90-91).

- *Тікелей бақылау.* Зерттеу стратегиясы ретінде ол екінші қолды деректерге немесе зерттеу субъектілері жасайтын тұжырымдарға сүйенгеннен гөрі, далалық жұмыстар арқылы тікелей бақылауға негізделеді.
- *Эмпирикалық.* Ол негізінен адамдармен және орындармен тікелей байланысты мүмкін ететін эмпирикалық зерттеулерге негізделген.
- *Теориямен байланыс.* Ол теорияны дамыту құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін және теорияларды тестілеу үшін де пайдаланылуы мүмкін.
- *Егжей-тегжейлі деректер.* Э салыстырмалы түрде терең және егжей-тегжейлі мәліметтер береді. Потенциалды түрде ол күрделі және нәзік шындықтармен күресе алады.
- *Тұтас (Holistic).* Этнография оқиғалардың артында жатқан процестер мен қатынастарға бағытталған тұтас түсініктемелерге ұмтылады. Ол нақты аспектілерді оқшаулаудан гөрі нәрселерді контекстке қояды.
- *Контраст/қарсы қою және салыстыру.* Этнографиялық зерттеулерде қарама-қайшылық пен салыстыру элементі бар: зерттелетін ерекше мәдениет немесе оқиғалардың «антропологиялық тұрғыдан бейтаныс» болуы – басқа мәдениеттерден немесе оқиғалардан бөлек және зерттеуші мен оның аудиториясы белгілі бір дәрежеде бөлісетін *Contrast and comparison*. There is an element of contrast and comparison

built into ethnographic research in the way the distinct culture or events being studied are 'anthropologically strange' – different from other cultures or events which the researcher and his or her audience to some degree share.

- *Адамдардың қабылдауы (Actors' perceptions).* Этнографиялық зерттеулер оқиғаларды мәдениет өкілдерінің көздерімен көру тәсілін зерттеуде өте қолайлы. Ол «адамдардың қабылдауын» сипаттайды және зерттейді.
- *Өзін-өзі тану.* Э-да тақырыпты тандауда, зерттеу процесінде және нәтижелерді/қорытындыларды құруда зерттеушінің өзіндік рөлін ашық және айқын сезіну бар. Ол әлеуметтік білімге тән рефлексивтілікті мойындайды.
- *Экологиялық жарамдылық.* Ол экологиялық жарамдылық тұрғысынан күшті, зерттеу актісі қоршаған ортаға салыстырмалы түрде аз әсер етуі керек - нәрселерді «табиғи» түрінде сақтайды.

Э-ның кемшіліктері.

- *Әңгімелеу. (Story-telling).* Әңгімелеу жалғыз мақсатқа айналып, зерттеудің нәтижесін теориялық, аналитикалық емес және сыни емес етіп қалдыруы мүмкін.

(There is the potential to provide detailed descriptive accounts at the expense of developing an analytic insight or contributing to a theoretical position. The story-telling can become the sole purpose, leaving a research product which is a-theoretical, non-analytic and non-critical.)

- Сенімділік (Reliability). Нашар сенімділіктің ықтимал әлсіздігі және мәдениет немесе оқиғаның этнографиялық есебін жалпылау перспективасы бар. (Reliability. There is a potential weakness of poor reliability and little prospect of generalizing from the ethnographic account of the culture or event).
- *Этика*. Сондай-ақ құпиялылыққа қол сұғумен және зерттеу субъектілерінің ақпараттандырылған келісімін алумен байланысты этикалық мәселелермен бетпе-бет келудің көптеген басқа тәсілдеріне қарағанда үлкен қаупі бар. (Ethics. There is also a greater potential than with most other approaches to face ethical problems associated with intrusions upon privacy and with gaining informed consent from research subjects.)

Әдебиеттер:

1. М.Хаммерсли, П.Аткинсон. Этнография: Зерттеу принциптері. Routledge, 2019. <https://openu.kz/kz/book/etnografiya-qoldanu-principiteri>
2. Martyn Denscombe. Research Guide For small-scale social research projects. Fourth Edition. Open University Press, 2010
3. Li Wei. Ethnography Origins, features, accountability, and criticality, 2020
4. Angela Creese. Linguistic Ethnography. 2010, pp. 138-154